

Данное направление включает в себя изучение народных и государственных праздников, историю их празднования. Воспитанники должны научиться разбираться в жанрах устного народного творчества, уметь использовать в речи пословицы, поговорки.

Знакомство с бытом и культурой родного края, способствует нравственно-эстетическому воспитанию юного поколения, становлению их гражданственности, формированию высоких патриотических убеждений, активной жизненной позиции воспитанников, и знакомство с героическими делами современников, приобщает к культуре и умственному труду, способствует формированию характера и воспитанию гражданских качеств подрастающего поколения.

С целью формирования гражданственности, казахстанского патриотизма, правового осознания и толерантности, распространения идей духовного единства, содействия сохранению межнационального согласия и стабильности, расширения воспитательного воздействия традиций и обычаев разных народов в школе были проведены мероприятия, посвященные Неделе языков народов Казахстана, праздничные мероприятия, посвященные Дню Республики РК и Дню Независимости РК, празднику «Наурыз», Дню Единства народов Казахстана.

Большие значимые мероприятия проводились и в рамках празднования Дня защитника Отечества и Дня Победы: смотр строя и песни, торжественный митинг у памятника воину-освободителю, праздничный концерт. Была проделана большая работа по воспитанию уважение к государственным символам РК, через исполнение гимна по понедельникам, учащиеся были участниками тематических бесед. Проводился конкурс рисунков на тему «Рухани жаңғыру», викторина ко Дню независимости РК «Я настоящий гражданин»; конкур рисунков среди 1-4 классов «Моя Родина Казахстан» в рамках реализации подпрограммы «Туған жер».

Работа по формированию духовно-нравственных ценностей должна быть комплексной. Самое важное то, чтобы работа по нравственному образованию находила отклик в сердцах детей и проводить ее надо постоянно. Она может способствовать повышению уровня воспитательной подготовки учащихся в школе, обеспечивая развитие нравственных качеств личности.

«Программа «Рухани жаңғыру» определяет патриотическое направление, выраженное в любви к родному краю, родной земле, ее культуре, обычаям и традициям казахского народа. Чтобы наша Республика стала процветающей, конкурентоспособной страной, мы должны привить (прививаем) подрастающему поколению – уважение к историческим традициям, культуре родной земли, духовной культуре.

Список литературы:

Статьи журналов и сборников

1. Каршинова, Л. В. Духовное и нравственное развитие и воспитание личности в образовательном пространстве // Эксперимент и инновации в школе. - 2010. - № 6. - С.48 - 52.
2. Гагарина К. Е. Роль учителя в духовно-нравственном воспитании подрастающего поколения // Молодой ученый. - 2011. - №3. Т.2. - С. 110-115.

Интернет-документы

3. Потаповская, О. М. Семейное духовно-нравственное воспитание: возможность и необходимость педагогического сопровождения [Электронный ресурс] / О.М. Потаповская. – Режим доступа: <http://classnyj-chas.ucoz.ru/publ/2-1-0-5>

ҰЛЫ ҰСТАЗ – ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Хасенова Мадина Маратовна,
учитель казахского языка
г. Костанай

Аннотация

Ыбырай Алтынсарин - қазақтың ұстаздық-тәлімгерлік (педагогикалық) ұлағатын әлемдік деңгейге көтерген ұлы тұлға.

Өзектілігі: Ыбырай Алтынсарин – ғасырлар өтсе де, заман өзгерсе де өзі өмір сүрген заманы мен өмірінде қазақ балаларына «Кел, балалар оқылық» деп жар салудан тыңбаған, сол арқылы қазақ балаларының надандық қамытын киюіне жол бермеген бірден – бір тұлға болып қала бермек.

Мақсаты: Ыбырай атамыздың өміріне, шығармашылық жолына және ғылыми жетістіктеріне шолу жасау және қазіргі уақыттағы қазақ жастары үшін Ыбырай Алтынсарин қалдырған өсиетінің өзекті болып табылатындығын көрсету.

Аннотация

Ибрай Алтынсарин – известен на мировом уровне, как великий казахский учитель – наставник.

Актуальность: Несмотря на истечение веков, на изменение времени, слова сказанные Ибрай Алтынсариным казахским детям «Кел, балалар оқылық» до сих пор вечны, с помощью которых казахские дети идут по пути исказнаний и учения.

Цель: Оценка жизненного и творческого наследия Ибрая Алтынсарина, раскрытие литературной ценности и педагогической деятельности его творчество.

Abstract

IbraiAltynsarin was known in the world, as a great Kazakh teacher, the mentor.

Relevance: Despite the expiration of centuries, the IbraiAltynsarin's words said to the Kazakh children " Кел, балалар оқылық " are timeless, with the help of which Kazakh children are going to the way to search for knowledge and teaching.

The Aim: Evaluation of the life and creative heritage of IbraiAltynsarin, the discovery of literary value and pedagogical activity of his work.

Түйінді сөздер: ағартушы, өнер, білім, тәрбие, еңбек

Ключевые слова: просветитель, искусство, знание, воспитание, труд

Key words: enlightener, art, knowledge, upbringing, work

Ыбырай Алтынсарин - Ұлы педагог, ғұлама ағартушы, жаңа үлгідегі демократ тәлімгер, дарынды жазушы, қоғам қайраткері, жанашыл ұстаз, публицист, ғалым - этнограф, орыс графикасының негізінде қазақ алфавитін құрастырушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушыларының бірі, ақын және прозашы.

Ыбырай Алтынсарин - қазақтың ұстаздық-тәлімгерлік (педагогикалық) ұлағатын әлемдік деңгейге көтерген ұлы тұлға.

Ыбырайқазақстандық білім берудің іргетасын қалады. Бұл бағаға ағартушы қандай еңбегімен жетті?

Ең бастысы, Ыбырай ұлтын жан-тәнімен сүйген ұлтжанды азамат деп санаймын. Он тоғыз жасында–ақ игі іске жол бастаған жігерлі жас болды. Оның жігерін жаныған қараңғыда қамалған қазағының надандығы еді. Қазақ даласында мектеп ашу ісі оңай болмағаны рас. Өкімет пен жергілікті биліктің кедергісіне ұшырай жүріп, тұңғыш қазақ мектебін ашты. Қазақтың даласында «Дала қоңырауы» сыңғырлады.

Ұлы ағартушының жүректілігі Мәңгілік елімізді өркендету үшін қызмет атқарып жүрген азаматтарға үлгі боларлықтай. Қазақтың классик жазушысы М. Әуезов: «Ыбырай Шоқанға да, Абайға да ұқсамайды. Ол екеуінің ісін өз ісіне түйістіріп қоса білді. Сөйтіп ол екеуі істемеген тың, тарихтық өресі бар, зор келеші бар істердің үлгісін өз қолымен орнатты. Әрі -жаңа үлгідегі ақын. Әрі -батыл жаңалық жасап, «бұратана» елдер үшін тың үлгілі мектеп ашушы»- деп жоғары баға берген болатын.

Ы. Алтынсарин бүкіл саналы ғұмырын бала оқыту мен тәрбиелеу ісіне, сонымен қатар көркем әдебиет тілінің тазалығы үшін күреске арнады. Балаларға таза ана тілін үйретуді мақсат етті. Ұлы ағартушы ұстаз Ы. Алтынсарин шын мәнісінде, қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы және озық ойлы әдебиеттердің арнасына түсіруші ретінде де ірі қайраткер боп саналады.

1860 жылы Орынбор облыстық басқару мекемесі Торғайда қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуға рұқсат алды. Мектепті ашу, мұғалім болу ісі Ы. Алтынсаринге үлкен сеніммен тапсырылды. Ол Орынбор облыстық басқару мекемесіндегі қызметінен босап, Торғай қаласына келді. Әрине, ол кезде мектеп ашу оңай шаруа емес: оқытатын орын, оқу құралдары, қаражат болған жоқ. Бекіністегілер де жас ағартушыны бірден қолдамады, әсіресе жергілікті әкімдер бұл іске немқұрайлы қарады. Бірақ, Ыбырай Алтынсарин өз бетімен мектеп салуға қаражат жинады. 1864 жылы 8 қаңтарда Торғай қаласында ең алғашқы бастауыш мектеп ашылды. Кең далаға алғашқы қоңыраудың соғылуы бүкіл қазақ халқы үшін үлкен той болып, 13 бала мектепке жазылды. Кейін тағы 2 бала келіп кірді. Мектеп жанынан оқушы балаларға арналып интернат ашылды. Бұл дата - қазақ даласы өмірінде халықтық мектеп тұңғыш ашылып, іске кіріскен даңқты күні болып қалды. Міне, қазақ сахарасынан білім жұлдызы осылай жарқыраған екен. Ұлы ағартушы балаларды оқытуға бар ынта - жігерімен кірісіп, күш-қуатын аямай жұмсаған. Ол өзінің достарына жазған бір хатында: «Осы жылы қаңтардың 8 күні менің көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Қазір мектепте 16 бала оқып отыр. Бәрі де қазақ баласы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай қызу кірістім. Бұл балаларда менің айызымды қандырып, небәрі үш айдың ішінде оқи білетін және татарша жаза білетін болды» деп жазады. Табиғатынан дарынды Ыбырай Алтынсарин орыс тілінде де, қазақ тілінде де шешен, тапқыр сөйлеген. Сонымен қатар ол қазақтың ән өнері мен сөз өнерін айрықша қадірлеу, терең түсінумен бірге оларды айта білетін адамдарды әр уақытта іздестіріп, кездескендерін өзінің айналасына топтастырып отырған.

«Торғай облысындағы мектептердің жанынан оқытушылар және оқушыларға арналған кітапханалар ашпақшымын. Бұған 700 сомға жуық ақша да жиып қойдым. Бұл кітапханалар тек оқушылар мен оқытушылар пайдалану үшін ғана емес, сонымен қатар, мектеп бітіріп қырда жүрген жалпы сауатты адамдар да білімдерін өз бетімен көтере берулері үшін пайдалы кітаптар және оқу құралдарын тауып алуларына мүмкіндік туғызу мақсатымен ашылды» Ы.Алтынсариннің Н.Ильминскиге жазған хатынан үзінді, Орынбор қаласы, 15 қыркүйек, 1883 ж. 1883 жылдың 15 қарашасында Торғай қаласынан қолөнер мектебін ашады. Бұл мектеп қазақ даласындағы техникалық мәні бар тұңғыш оқу орны болып саналды. Қолөнер мектептері жақсы жабдықталған шеберханалармен, іскер жетекшілермен қамтамасыз етілді. Мектепте ағаш өңдеу, темірден түйін түйетін ұсталық жұмыстарына үйретілді. Жалпы білім беретін пәндерден мектепте сызудан басқа орыс тілі мен арифметика (бастауыш мектеп көлемінде) өтілетін болды. Ыбырай қолөнер мектебін қазақтарды отырықшы өмірге дайындайтын қажетті алғы шарттардың бірі деп танытады. Осы мақсатқа орай Красноуфимскідегі тері илеу, сабын қайнату, май шайқау, қыш товарларын жасау, бау – бақшаға, мал шаруашылығына, жер өңдеуге үйрететін өнеркәсіп училищесі мен ауыл шаруашылық мектебінде қазақ балаларына арнайы шәкіртақы тағайындалды. Қостанай қаласының орталығында Ұлы педагог – ағартушы Ыбырай Алтынсариннің баға жетпес күшімен пайда болған Қазақстанның ескі мектептерінің бірі бар. 1879 жылы облыс орталығы Қостанай қаласын құру туралы мәселе тұрған кезде, бір мезгілде мектеп ашуды шешті. Мектеп құрылысы 1882 жылы басталып, ал 1884 жылы Троицк орыс – қазақ мектебі Қостанай қаласына көшірілді. «Қостанай екі сыныптық орыс – қазақ училищесі» болып аталды. 1897 жылы училище жанынан педагогикалық сынып ашылып, кейін екі жылдық педагогикалық курс интернаты болып өзгертілді. Училище 1917 жылы қазақ балаларының коммунасы, 1923 жылы жеті жылдық мектебі, 1933 жылы Л. Мирзоян атындағы мектеп, милиция мектебі, 1938 жылы Жамбыл Жабаев атындағы орта мектеп – интернаты, № 13 (22) орта мектеп, 1960 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы мектеп – интернаты болып құрылды. Арада бес жыл өткен соң № 22 орта мектеп № 1 мектеп – интернатымен біріктірілді. Осы уақыттан бастап жаңа оқу ғимаратының құрылысы

қолға алынды. Ал мектептің ескі үйі біртіндеп қирай бастағандықтан, 1968 жылы еңбекшілердің халық депутаттары шешімімен түгел бұзылды. Мектеп 1992 жылы Ы. Алтынсарин атындағы педагогикалық лицей, ал 2000 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп – интернаты болып өзгертілді. 1879 жылы Ы.Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалады. Ол кезде облыс Елек, Ырғыз, Торғай және Николаев (Қостанай) болып төрт уезге бөлінеді. Торғай облысы қазіргі Қостанай және Торғай облыстарының едәуір бөлігін, Ақтөбе облысын және РСФСР құрамындағы Орынбор облысының аумақтарын қамтитын. Ы.Алтынсарин ол кезде Орынбор губерниясының құрамына енген Троицк қаласындағы халық ағарту ісін де тікелей басқаратын еді. Инспекторлық қызметке тағайындалысымен Ы.Алтынсарин бірден жаңа мектептерді ашу ісіне кіріседі. Ең алдымен облыстағы барлық уездік қалаларда бір-бірден орталық училищелер ашуды ұйғарады. Осы мақсатпен ол ауыл-ауылды аралап қаржы жинады. Артынша Елек, Николаев, Торғай және Ырғыз уездерінде екі кластық училищелерін ашып, оларды оқушылар мен ұстаздармен қамтамасыз етеді. Әр мектептің өзінің кітапханасы болуын қоғамдық маңызды іс деп қарап, оған тікелей қамқорлық жасап отырды.

Ол қайтыс болар алдында Қостанай қаласында ашылатын ауыл шаруашылығы училищесіне өзіне тиесілі жерлерін мұраға қалдырады.

Ы.Алтынсарин орыс-қазақ училищелеріндегі оқушыларға шешек егуді оқытты. 1883 жылы 24 ақпанда Торғай облысы әскери губернаторына жасаған мәлімдемесінде Торғай уезінің дәрігері И.Орловтың тырысуы арқасында шешек егудің оқуы жүзеге асқанын, Торғайда шешек егуді қолдау жүзінде бұзауларға шешек егу ұйғарылып қойғанын, шет және өз ауылдарында оларға осы шешекті егу үшін шешек заты және қандауырмен жабдықталғанын, шешек егуді оқығандардың ішінен қырғыз училищесінің оқшылары тартылған.

Ыбырай қазақ қыздарын оқыту, сөйтіп оларды мәдениетке және қоғамдық өмірге тікелей тарту мәселесінде де феодалдық ескі әдет - салттарды батыл ығыстырып, әлеуметтік маңызы зор істерді жүзеге асыра алған тамаша жаңашыл адам болды. Ол 1887 жылы 15 қыркүйекте Ырғызда 18 адамдық орны бар қыздар мектебін ұйымдастырып, тұңғыш рет қазақ қыздарын оқуға тартты. Осы мектептің жанынан қыздар үшін интернат ашу мәселесі мен Ыбырай 1888 жылдың 6 қаңтарында Орынбор оқу округінің көмекшісіне жолығып, өтініш жасады. Сөйтіп Ыбырай, қазақ халқы тарихында әйелдердің теңсіздігін тұңғыш көре білген және оны сол ауыр халден шығарып, өнер- білімге тарту жолында алғаш қол ұшын берген қайраткер болды. , 1891 жылы Торғайда, 1893 жылы Қостанайда, 1895 жылы Қарабұтақта, 1896 жылы Ақтөбеде интернаты бар мектебі ашылды.

«Қазақ халқында білім алу үшін қасиетті негіз бар» деп танып, халық ағарту ісіне жан - тәнімен беріле ізденудің нәтижесінде Ыбырай 1879-1882 жылдар арасында Торғай облысының төрт уезінен төрт орталық мектеп ашады. Торғай уезінің мектебі - Торғай қаласында, Ырғыз уезінің мектебі - Ырғыз қаласында, Николаевск уезінің мектебі - Троицк қаласында, Елек уезінің мектебі Бөрте болысында болды. Соңғы мектеп Ақтөбе мектебі деп аталды, көп ұзамай Ақтөбе бекінісіне көшірілді. Бұл мектептердің ішінен екі класты орыс - қазақ мектептері деп аталды. Өйткені оларда жергілікті қазақ балаларымен қатар көшіп келіп қоныстанған орыс балалары да оқиды, ал Троицк мектебі екі класты, Ақтөбе немесе Бөрте мектебі бір класты мектеп болып аталды.

Болыстық мектептерді ашуға батыл да шұғыл кірісудің нәтижесінде өмірінің соңғы бір – екі жылында өзі ұйғарған жеті мектептің тек бесеуін ғана – Бөрте, Қарабұтақ, Обаған, Жітіқара, Қараторғай болыстарында ашып үлгереді. Қалған екеуі ағартушының өзі қайтыс болғаннан кейін ашылады.

1892 жылы Торғай облыстық ведоместілерінде Торғай облысындағы ауылдық орыс-қазақ мектептерінің ережесі жарияланды. Осы үлгідегі мектеп 1892 жылы 15

маусымда Николаевск уезд, Кеңарал болысы № 4 ауылда ашылды. 1894 жылы Торғай облысында барлығы 172 бала оқыған 19 ауыл мектебі болды. Қазақ жастары үшін арнайы оқытушылар мектебін ашу ісіне де Ыбырай зор көңіл бөліп, көп мән берді. Талмай іздену, тиісті орындарға жалықпай өтініш жасаудың, сондай-ақ оқытушылар мектебінің дала жағдайындағы ағарту ісі үшін айрықша қажет екендігін шебер дәлелдеудің нәтижесінде ол 1883 жылы Орск қаласынан қазақтың тұңғыш оқытушылар мектебін ашады. Алтынсарин жаңашыл ұстаз ретінде қазақ мектептеріне арналған оқулықтар жасады. Ұлы орыс халқының атақты ағартушыларының пайдалы әдістерін қолдана отырып оқулық жазуға кіріседі. Оның шығармаларында және хрестоматиялық материалдарында еңбекке тәрбиелеу, оның аса маңызды мәселе екендігі елеулі орын алды. Орыс – қазақ мектептеріне арнап Ибрагим Алтынсарин екі оқу құралдарын – «Қазақ хрестоматиясы» және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралын» жазды.

1879 жылы «Қырғыз хрестоматиясы» деген жинақты шығарады.

«Қазақ хрестоматиясы» - қазақ мәдениетінің тарихындағы өзіндік үлкен орны мен маңызын айқындайтын факт. Өйткені хрестоматияға Ыбырай өзінің педагогтық мақсатына лайықтай жазған тәрбиелік мәні жоғары көптеген шағын әңгімелерін, өлеңдері мен ауыз әдебиеті үлгілерін, сондай-ақ, орыс педагогтері мен айтулы орыс қаламгерлерінен аударған шығармаларды енгізген болатын. Баршамызға бастауыш сыныптардан етене таныс, әрі ыстық «Кел, балалар, оқылық!» - «Қазақ хрестоматиясының» беташар өлеңі. Жазылғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, жас жеткіншектерді білімге, өнерге шақырған бұл өлеңнің маңызы, бір кезде Ыбырай армандаған «өнер-білімі бар жұртқа» - терезесі тең, шаңырағы биік, мәдениеті озық елге айналып отырған бүгінгі заманда да еш төмендемек емес. Қайта халқымен бірге жасасып, ұлы ағартушының арман - сәлемін жақсы күндерге жеткізген бұл тарихи туынды ұлы дала елінің, мәңгілік елінің жастарын білім бағына шақыра бермек.

Әдебиеттер тізімі:

1. М. Сералин. Мақалалары, публицистикалық шығармалары, поэмалары және аудармалары. Астана: «Аударма», 2002 ж.
2. М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. Алматы: ҚМКӘБ, 1959 ж.
3. І.Омаров. Шабыт шалқары. Алматы: «Жалын», 1973 ж.
4. Б. Омарұлы. Зар заман поэзиясы, Алматы: «Білім», 2000 ж.
5. Ы. Алтынсарин. Собраниясочиненийтрехтомах. Алматы «Наука», 1976 г.
6. Ы. Алтынсарин . Қырғыз хрестоматиясы. Орынбор, 1879 ж.
7. Ы. Алтынсарин. Кел, балалар оқылық. Алматы: «Атамұра», 2006 ж.
8. А.Шаяхмет. Қазақтар қасіреті. «Арқа ажары». 2004ж., қараша
9. С. Сәдуақасов . Қазақ әдебиеті. «Халық кеңесі». 1992 ж. 11 желтоқсан
10. Ә. Дербісәлин. Ыбырай Алтынсарин . Алматы: «Арда», 2002 ж.
11. Н. Жәрімбетов . Тағдыры кермек тұлға. «Егемен Қазақстан» № 90-93-2010 ж. 12 наурыз.

ЖАС ОТБАСЫНДАҒЫ АЖЫРАСУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Шалгимбекова Алия Батырхановна
педагогика кафедрасының аға оқытушысы
Ахметбек Арайлым Дилдабекқызы,
Алмат Жансая Сүйіндікқызы
ҚМПИ, ПжП мамандығы 3 курс
Қостанай қ.

Аннотация

Бұл мақалада ажырасудың шектен тыс көбеюі, қазіргі таңда мемлекеттің, ғалымдардың тарапынан қолдауға мұқтаж жас отбасы ерекше қиындықтары туралы